

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

2

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2017

НАУРЫЗ
МАРТ
MARCH

Б а с р е д а к т о р ы

х. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Абиев Р.Ш. проф. (Ресей)
Абишев М.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Аппель Юрген проф. (Германия)
Баймуқанов Д.А. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Байпақов К.М. проф., академик (Қазақстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Қазақстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Қазақстан)
Велихов Е.П. проф., РҒА академигі (Ресей)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Әзірбайжан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Қалимолдаев М.Н. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., корр.-мүшесі (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалықов Ж.У. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Полещук О.Х. проф. (Ресей)
Поняев А.И. проф. (Ресей)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Қазақстан)
Таткеева Г.Г. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Умбетаев И. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Тәжікстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде
01.06.2006 ж. берілген №5551-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2017

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Главный редактор
д. х. н., проф. академик НАН РК
М. Ж. Журинов

Редакционная коллегия:

Абиев Р.Ш. проф. (Россия)
Абишев М.Е. проф., член-корр. (Казахстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Апель Юрген проф. (Германия)
Баймуканов Д.А. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Байпаков К.М. проф., академик (Казахстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Казахстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Казахстан)
Велихов Е.П. проф., академик РАН (Россия)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Азербайджан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Калимолдаев М.Н. проф., чл.-корр. (Казахстан), зам. гл. ред.
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., чл.-корр. (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалыков Ж.У. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Полещук О.Х. проф. (Россия)
Поняев А.И. проф. (Россия)
Сагьян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Казахстан)
Таткеева Г.Г. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Умбетаев И. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Таджикистан)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов
Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2017

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

M. Zh. Zhurinov

E d i t o r i a l b o a r d:

Abiyev R.Sh. prof. (Russia)
Abishev M.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Avramov K.V. prof. (Ukraine)
Appel Jurgen, prof. (Germany)
Baimukanov D.A. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Baipakov K.M. prof., academician (Kazakhstan)
Baitullin I.O. prof., academician (Kazakhstan)
Joseph Banas, prof. (Poland)
Bersimbayev R.I. prof., academician (Kazakhstan)
Velikhov Ye.P. prof., academician of RAS (Russia)
Gashimzade F. prof., academician (Azerbaijan)
Goncharuk V.V. prof., academician (Ukraine)
Davletov A.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Dzhrbashian R.T. prof., academician (Armenia)
Kalimoldayev M.N. prof., corr. member. (Kazakhstan), deputy editor in chief
Laverov N.P. prof., academician of RAS (Russia)
Lupashku F. prof., corr. member. (Moldova)
Mohd Hassan Selamat, prof. (Malaysia)
Myrkhalykov Zh.U. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Nowak Isabella, prof. (Poland)
Ogar N.P. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Poleshchuk O.Kh. prof. (Russia)
Ponyaev A.I. prof. (Russia)
Sagiyani A.S. prof., academician (Armenia)
Satubaldin S.S. prof., academician (Kazakhstan)
Tatkeyeva G.G. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Umbetayev I. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Khripunov G.S. prof. (Ukraine)
Yakubova M.M. prof., academician (Tadjikistan)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2017

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

R. A. Bayjolova, R. S. ZhusupovL. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
E-mail: baizholova_ra@enu.kz, rysbek_15031986@mail.ru**ASSESSMENT OF COMPETITIVENESS OF AGRICULTURE
IN THE NORTHERN AREAS OF KAZAKHSTAN**

Abstract. Purpose of this paper is to study and assess the competitiveness of the agricultural problems of the Republic of Kazakhstan and recommend it in practice. Having problem-posed, methodological and methodical-instrumental character, this article indicated aims and objectives of a comprehensive assessment of agriculture of the Northern regions of Kazakhstan. A general approach to the development and implementation of techniques of assessment was presented and the specific mathematical and instrumental procedures that can be used were considered. Economic indicators in the Northern regions of Kazakhstan, the statistics of international and national scientific publications were used in this article. Originality/value – in this article the works on assessing the competitiveness of the Northern regions of Kazakhstan (Akmola, Kostanai, Pavlodar, North Kazakhstan) were carried out; competitiveness in the agricultural sector in the region was defined. Findings – assessment of the competitiveness of agriculture, which allows considering the relative problems that impede on the development or backwardness of agriculture in the region.

Keywords: competition, competitiveness, assessment of competitiveness, resource potential, agriculture, infrastructure.

Р. А. Байжолова, Р. С. Жусупов

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОЛТҮСТІК
АЙМАҚТАРЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ
БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ**

Аннотация. Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың мәселелерін зерттеп және оны тәжірибе жүзінде ұсыну. Әдіснама – Мақаланы жазуда ҚР солтүстік аймақтарының экономикалық көрсеткіштері, ұлттық және халықаралық статистика деректері және ғылыми басылымдар пайдаланылды. Сонылық/құндылық – мақалада Қазақстанның солтүстік аймақтарының (Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан) ауыл шаруашылық көрсеткіштерін талдау негізінде аймақтардың бәсекеге қабілеттілігіне бағалау жұмыстары жасалған; аймақтардың ауыл шаруашылық саласында бәсекелік қабілеттілігі анықталған. Қорытындылар – ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін бағалау саланың дамуына кедергі болатын мәселелерді айқындауға, саласының осы аймақта қаншалықты дамығандығын не болмаса қаншалықты артта қалғандығын салыстырмалы түрде қарастыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: бәсеке, бәсекеге қабілеттілік, бәсекеге қабілеттілікті бағалау, ресурстық әлеует, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым.

Кіріспе. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі кезеңінде елдің ауыл шаруашылығында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді: нарықтық қатынастар негізінде өндірістің тұрақты өсуі байқалады, еңбек өнімділігі мен өндіріштігі артуда, саланың негізгі қорларын жаңарту және инфрақұрылымын қалпына келтіру жүргізілуде, негізгі тамақ өнімдері бойынша өзін-өзі қамтамасыз етуге

қол жеткізілді, дәнді, майлы дақылдар, балық аулау өнімдері экспортының айтарлықтай өсуіне қол жеткізілді.

Қазіргі уақытта әлемдік аграрлық экономика мен демографияның жаңа үрдістері қалыптасуда, өңірдегі ықпалдастыру процестері нақты дами бастады, жаһандық климаттық өзгерістер болуда. Қазақстан Кеден одағына, Дүниежүзілік сауда ұйымына кірді. Алайда, саладағы еңбек өндіргіштігінің төмен деңгейі, пайдаланылатын технологиялардың жетілдірілмегендігі, өндірістің ұсақ тауарлы болуы ауыл шаруашылығы өндірісін қарқынды негізде жүргізуге, материалдық, еңбек және басқа ресурстарды неғұрлым толық пайдалануды қамтамасыз етуге, экологиялық талаптарды сақтауға мүмкіндік бермейді. Осы факторлар отандық аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді, бұл ДСҰ мен КО жағдайларында шет елдік өнім импортының басым болуына, жергілікті өндірушілерді өткізу нарықтарынан ығыстыруға әкелді.

Елімізде ауыл шаруашылығы бәсекеге қабілетті болу үшін аграрлық саланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету қажет. Ауылшаруашылығының тұрақты дамуы саланың өзіне тікелей экономикалық әсер етеді; агроөнеркәсіп кешеніне – жанама, ал онымен байланысты салаларға мультипликативті әсер береді. Президент Н.Ә. Назарбаев қазақстан халқына Жолдауында аталмыш мәселеге ерекше көңіл бөле отырып, бүгінде тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін ішкі ресурстарды босатудың және экономикалық бәсекелестікті ұлғайтудың маңызын атап кеткен [1].

Аймақтың бәсекеге қабілеттілігін зерттеу тақырыбында көптеген ғалымдардың жазбалары жарық көрді. Халықаралық зерттеу орталығы базасының (EBSCO Research, Scopus, Web of Science) мәліметтері бойынша ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігі тақырыбында 10 мыңнан астам еңбектер жарық көрсе, Google Scholar ашық базасында осы тақырып төңірегінде 700 мыңнан астам мақала тіркелген. Ал осы мақалалардың тек 25 % аймақтың ауыл шаруашылығы бәсекеге қабілеттілігін бағалау тақырыбына арналған. Тақырыптың өзектілігі Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласында бәсекеге қабілеттілікті бағалау бойынша жеткіліксіз зерттелуімен байланысты.

Бәсекеге қабілеттілік теория негізінде М.Портер [2, 3] мен К.Айгингердің [4], З.Джованның [5] әдістемесінде ХХ ғасырдың 90-жж. кең қолданылды. М. Портер ұсынған бәсекелік артықшылықтар теориясының мәні бәсекелік артықшылық ресурстарды қолданудың өнімділігінде көрініс табады. Бұл қағида фирма деңгейінде де, тұтас ұлттық экономика деңгейінде де бірдей болады.

Шетелдік ғалымдармен бірге, бәсекеге қабілеттілік тақырыбында ТМД елдерінің ғалымдары Р.А. Фатхутдинов [6,7], Г.Л. Азоев [8], А.З. Селезнев [9] және өзге де кенестік дәуір ғалымдары зерттеулер жүргізген. Осы мәселе төңірегінде О.С. Сабден [10, 11], С.А. Қаленова [12], Ғ.А. Қалиев [13] және басқа да отандық ғалымдар елеулі үлес қосты.

2015 жылға Қазақстан экономикасының экспорттық мүмкіндіктері мен бәсекеге қабілеттілігінің жаңа сапалы деңгейге шығару көзделіп отыр және бұл күрделі процесс болып табылады. Бұл процесті өлшеу көрсеткіштерін білмей және бағалаусыз басқару оны мүмкін емес. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай ұлттық экономиканың дамуын бағалайтын бірнеше әдіс бар. Қазақстан үшін сол әдістердің тек біреуіне сүйенуге болмайды, яғни экономиканың бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың ұлттық әдістерін құру үшін бар әдістердің интеграциясын жүзеге асыру керек.

Ұлттық экономикалардың әлемдік деңгейде бәсекеге қабілеттілігін зерттеумен Менеджментті Дамыту институты, Бүкіләлемдік Экономикалық Форум, Дүниежүзілік Банк, Халықаралық валюта қоры, т.б. ұйымдар айналысады.

Алайда, бірқатар халықаралық және отандық ұйымдардың, елдің бәсекеге қабілеттілігін зерттеу тәжірибесі аймақтық бәсекеге қабілеттілік факторларының анықтаушы екенін көрсетіп отыр. Қазақстан Республикасының Үкіметі соңғы жылдар бойы аймақтық даму мәселесімен мақсатты түрде айналысып келеді. Жекелеген мәселелі территорияларды (шағын қала, ауылдық аймақ) дамытудың мемлекеттік бағдарламалары дайындалып, іске асырылды. 2006 жылы республиканың аймақтық стратегиялық дамуының негізгі бағыттарын анықтайтын маңызды құжат – «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі территориялық даму стратегиясы» әзірленді.

Әзірленген Стратегия шегінде аймақтық даму әдістемесі қайта қаралды.

Аймақтың бәсекеге қабілеттілігін көтерудік халықаралық тәжірибесін қолдану және оны бағалау экономикалық факторларды, сонымен қатар әлеуметтік даму – адами потенциалды ескертін факторлар жүйесіне негізделетін бәсекеге қабілеттілікті бағалауды қажет етеді.

Осы арада бәсекеге қабілеттілікті кешенді бағалауға негізделетін отандық зерттеулер ерекше қызығушылық туғызады. Қазақстан аймақтарын жүйелі жинақтаушы рейтингтік бағалаумен маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы (МТЗО) айналысады, бұл зерттеу орталығы ҚР дамытудың мемлекеттік институттар тобына кіреді. МТЗО ҚР аймақтарының бәсекеге қабілеттілігін дамытудың негізгі көрсеткіштеріне келесілерді жатқызады: тұрғын халықтың өмір сапасы индексі; өнімділік индексі; инновациялық индекс; инфрақұрылымдық даму индексі; аймақтық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі [14].

Ал аймақтың ауыл шаруашылық бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін 1-суретте келтірілен факторлар ескере отырып бағалауды жүзеге асырамыз.



1-сурет – Аймақтың ауыл шаруашылық бәсекеге қабілеттілігін бағалау сызбасы.

Ескерту. Әдебиет негізінде автормен құрастырылған.

Аймақтың ауыл шаруашылық бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың нақты әдістері мен құралдарын ескере отырып, бағалауды төмендеідей кезеңдерге бөлеміз:

1. көрсеткіштерді анықтау кезеңі;
2. стандарттау (нормалау) және алдын ала статистикалық талдау кезеңі;
3. көрсеткіштерді топтарға бөлу кезеңі;
4. жалпылама көрсеткіштерді есептеу және нәтижелерін талдау [15, 16].

Аймақтың ауыл шаруашылығы бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін Ақмола облысын негізге ала отырып Қазақстанның солтүстік аймақтарына (Ақмола облысы, Қостанай облысы, Павлодар облысы және Солтүстік Қазақстан облысы) нақты көрсеткіштер негізінде талдау жасаймыз. Қазақстанның солтүстік аймақтарында ауа-райы континенталды және ауыл шаруашылығы саласының дамуына қолайлы. Барлық аймақтарда егіншілік, мал шаруашылығы, құс шаруашылығы, сүт өнімдерін өндіру, бақша өнімдерін өндірумен айналысады. Сондықтан аймақтардың ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруде табиғи-климаттық мүмкіндіктері біршама деңгейде. Осыған байланысты аймақтардың ресурстық әлеуетіне, өсімдік және мал шаруашылықтарының көрсеткіштері негізінде талдау жасадық. Бұл аймақтардың ауыл шаруашылығы бәсекеге қабілеттілігін бағалауға зор мүмкіндік береді (1-кесте).

1-кесте – Қазақстанның солтүстік аймақтарының ресурстық әлеуеті мен ауыл шаруашылығының көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2015 ж.		
	Ақмола облысы	Қазақстанның солтүстік аймақтарының минималды мәні	Қазақстанның солтүстік аймақтарының максималды мәні
АЙМАҚТЫҢ РЕСУРСТЫҚ ӘЛЕУЕТІ (АРӨ)			
Ауыл шаруашылығы дақылдарының анықталған жалпы егістік алқабы, мың гектар	4 687,5	1 145,0	5 088,0
Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар, млн. теңге.	24,4	19,4	49,9
Экономикалық тұрғыдан белсенді халық, адам	444752	337115	520296
ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ (ӨШК)			
Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы, млн. теңге	186 160,4	61 011,0	225 749,2
Дәнді (күрішті қосқанда) және бұршақ дақылдар, мың тонна	4 434,7	575,5	5 047,1
Картоп, мың тонна	248,3	181,5	533,2
Майлы дақылдар, мың тонна	122,8	76,5	400,8
Көкөніс, мың тонна	62,4	72,8	197,6
Дәнді (күрішті қосқанда) және бұршақ дақылдарын жинау, бір гектардан центнер	10,8	8,7	15,8
Картоп жинау, бір гектардан центнер	134,4	190,8	241,4
Майлы дақылдарын жинау, бір гектардан центнер	5,2	5,4	8,8
Көкөніс жинау, бір гектардан центнер	143,4	313,0	380,4
МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ (МШК)			
Мал шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы, млн. теңге	76 225,1	67 298,8	85 006,3
Ірі қара мал саны, мың бас	383,6	327,3	420,7
Қой мен ешкі саны, мың бас	117,4	63,1	168,3
Шошқа саны, мың бас	111,9	62,3	165,0
Жылқы саны, мың бас	148,2	99,1	148,2
Түйе саны, мың бас	0,119	0,052	0,167
Құс саны, мың бас	4 929,8	1 115,5	4 929,8
Шаруашылықта сойылған және союға өткізілген мал мен құс, тірідей салмақта, мың тонна	90,8	90,6	90,8
Шаруашылықта сойылған және союға өткізілген мал мен құс, сойыс салмағында, мың тонна	51,7	46,6	54,3
Сүттің барлық түрі, мың тонна	360,6	361,7	504,1
Жұмыртқаның барлық түрі, мың дана	783 512,0	140 221,2	783 512,0
Жүннің барлық түрі, тонна	935,4	490,7	993,6
Ескерту – Қазақстан Республикасының статистика агенттігінің көрсеткіштері негізінде автормен құрастырылған [17].			

Ақмола облысын солтүстік өңірдің басқа да аймақтарымен салыстыру барсында аймақтың ресурстық әлеуетінің көрсеткіші, өсімдік және мал шаруашылығының көрсеткіштері сызықтық шкала негізінде мөлшерлеу әдісімен есептелді.

Аймақтық рейтингті есептеу (1) формулалар бойынша жүзеге асырылады:

$$R_n = \frac{(R_{current} - R_{min})}{(R_{max} - R_{min})} \quad (1)$$

мұндағы R_n – талданған аймақ көрсеткішінің мөлшерлік мәні; $R_{current}$ – ағымдағы аймақтың мәндік көрсеткіші; R_{min} – барлық аймақтардың ішіндегі көрсеткіштің минималды мәні; R_{max} – барлық аймақтардың ішіндегі көрсеткіштің максималды мәні.

(2) формула бойынша түрлендіру үлкен мәндер жақсы нәтижеге сәйкес келсе ғана жүзеге

асырылады.

$$R_{\text{aggregate}} = \frac{\sum R_H}{n} \quad (2)$$

$R_{\text{aggregate}}$ мәндері $[0;1]$ шамасында жатқанда аймақ барлық көрсеткіштер бойынша жақсы мәнге ие болған жағдайда $R_{\text{aggregate}} = 1$ болуы мүмкін. Бұл есептеулер аймақтарды жалпы және дербес (жеке) көрсеткішті бәсекеге қабілеттілік деңгейі бойынша топтастыруға мүмкіндік береді:

1-топтама – бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейі: $0,66 < R < 1,0$;

2-топтама – орташа деңгей: $0,33 < R < 0,65$;

3-топтама – бәсекеге қабілетсіз аймақтар: $0,00 < R < 0,32$ [64].

Қазақстанның солтүстік аймақтарының ресурстық әлеуеті, өсімдік шаруашылығының көрсеткіші және мал шаруашылығының көрсеткіштерін айқындайтын мәндер орта көрсеткіш мәнінде есептелді. Мысалы, аймақтарының ресурстық әлеуетін (АРӨ) орташа көрсеткіші келесідей есептелді:

$$I_{\text{AP}\Theta} = \frac{(I_{\text{EA}} + I_{\text{II}} + I_{\text{BX}})}{3} \quad (3)$$

Мұндағы $I_{\text{AP}\Theta}$ – Қазақстанның солтүстік аймақтарының ресурстық әлеуетін (АРӨ) айқындайтын орташа индексі; I_{EA} – индексі, ауыл шаруашылығы дақылдарының анықталған жалпы егістік алқабының мөлшерін көрсетеді; I_{II} – индексі, ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі; I_{BX} – индексі, бұл экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны.

1-кесте бойынша көрсетілген мәндер негізінде Қазақстанның солтүстік аймақтарының тек ресурстық әлеуеті (АРӨ) бойынша 2015 жылға бағалау жасасақ көш басында Қостанай облысы - 0,751 (1 орын), Ақмола облысы - 0,613 (2 орын), ал Солтүстік Қазақстан облысы – 0,576 (3 орын), Павлода облысы – 0,203 (4 орын).

Қазақстанның солтүстік өңірінде өсімдік шаруашылығының көрсеткіштері (ӨШК) бойынша алдыңғы орынды 0,960 көрсеткішімен Солтүстік Қазақстан облысы иеленсе, екінші және үшінші орындарға Қостанай (0,538) және Ақмола (0,377) облыстары иеленді. Ал Павлодар облысы 0,276 көрсеткішімен 4 орынға тұрақтады.

Мал шаруашылығының көрсеткіштері (МШК) бойынша Қазақстанның солтүстік аймақтарында ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың нәтижесі бойынша Ақмола облысы 0,515 мәнімен 3 орынға тұрақтаса, бірінші және екінші орынға Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстары тұрақтады. Павлодар облысының мал шаруашылығы бойынша көрсеткішінің мәні 0,291 құрады.

Аймақтың ресурстық әлеуеті (АРӨ), өсімдік шаруашылығының көрсеткіштері (ӨШК), мал шаруашылығының көрсеткіштері (МШК) жиынтығын көрсететін интегралды (жиынтық) көрсеткішті, біз орташа геометриялық формула арқылы анықтадық:

$$I_K = \sqrt[3]{I_{\text{AP}\Theta} * I_{\text{ӨШК}} * I_{\text{МШК}}} \quad (4)$$

Мұндағы I_K – интегралдық көрсеткіш, Қазақстанның солтүстік аймақтарының АРӨ, ӨШК және МШК көрсетеді; $I_{\text{AP}\Theta}$ – индексі, Қазақстанның солтүстік аймақтарының АРӨ көрсетеді; $I_{\text{ӨШК}}$ – индексі, Қазақстанның солтүстік аймақтарында өсімдік шаруашылығының көрсеткіштерін (ӨШК) мінездейді; $I_{\text{МШК}}$ – индексі, Қазақстанның солтүстік аймақтарында МШК көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілген есептеулер негізінде Қазақстанның солтүстік аймақтарының АРӨ, ӨШК және МШК көрсеткіштері бойынша 2015 жылға рейтинг жасалды (2-кесте).

2-кесте – Қазақстанның солтүстік аймақтарының АРӨ, ӨШК және МШК көрсеткіштерінің дамуы бойынша рейтингісі, 2015 ж.

Қазақстанның солтүстік өңірі	Интегралдық көрсеткіштің мәні	Рейтинг
Солтүстік Қазақстан облысы	0,759	1
Қостанай облысы	0,620	2
Ақмола облысы	0,502	3
Павлодар облысы	0,257	4

Алынған нәтижелерді талдай отырып, келесі топтамаларды жасауға болады:

1-топтама – бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейі: $0,66 <$ Солтүстік Қазақстан облысы (0,759) $< 1,0$;

2-топтама – бәсекеге қабілеттіліктің орташа деңгейі: $0,33 <$ Қостанай облысы (0,620), Ақмола облысы (0,502) $< 0,65$;

3-топтама – бәсекеге қабілетсіз аймақ: $0,00 <$ Павлодар облысы (0,257) $< 0,32$

Қарастырылып отырған 4 аймақтың екеуі бәсекеге қабілеттіліктің орташа деңгейіне ие және жоғары бәсекеге қабілетті 1 аймақ, ал бәсекеге қабілетсіз 1 аймақ деп қарастыруға болады.

Қорытынды. Зерттеудің нәтижесі бойынша солтүстік аймақтардың бәсекеге қабілеттілігі республика бойынша орташа деңгейде екені анықталды.

Мұнда индекстердің 1-ге жақын болуы ең жоғары, ал 0-ге жақыны төмен екенін атап өту керек. $0,33-0,66$ шкаласының аралығы орта деңгейді көрсетеді.

Өздеріңіз көріп отырғандай, Қазақстанның солтүстік өңіріндегі 4 аймақтың ішінде үшеуінің бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші салыстырмалы түрде $0,50$ шкаласынан асты, бұл орта деңгейді білдіреді.

Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілік индексі ең жоғарғы көрсеткіші Солтүстік Қазақстан облысына тиесілі. Талдау нәтижесінің қорытындысы бойынша бұл аймақты жоғары бәсекелік қабілетті аймақ деп қарастыруға болады.

Сонымен қатар, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі оның әр аймағының бәсекеге қабілеттілігінен тәуелді болады. Әр аймақ ұлттық деңгейде бәсекеге қабілеттілікке әсер ететінін ескеру қажет.

ӘДЕБИЕТ

[1] Назарбаев Н. «Қазақстан жана жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформа, даму» [Электрондық ресурс]. – 2015. – URL: <http://www.akorda.kz/kz/addresses/memleket-basshysy-nnazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2015-zhylgy-> (жолдау күні: 30 қараша 2015).

[2] Портер М. Конкурентное преимущество: как достичь высокого результата и обеспечить его устойчивость / Пер. с англ. Е. Калининой. – М.: Альпина Паблишер, 2008. – 2-е изд. – 720 с.

[3] Портер М. Международная конкуренция: Конкурентные преимущества стран. – М.: Международные отношения, 1993. – 896 с.

[4] Aiginger K., Bärenthaler-Sieber S., Vogel J. Competitiveness under New Perspective // WWWforEurope Working Papers series. – 2014. – N 44. – 90 p.

[5] Jovan Z., Bradić-Martinović A. Competitiveness of Nations in Selected SEE Countries // Procedia Economics and Finance – Original Research Article. – 2014. – Vol. 8. – P. 755-762.

[6] Фатхутдинов Р.А. Конкурентоспособность: Россия и мир. 1992–2015. – М.: Экономика, 2005. – 608 с.

[7] Фатхутдинов Р.А. Стратегическая конкурентоспособность: Учебник. – М.: Экономика, 2005. – 504 с.

[8] Азов Г.Л. Конкуренция: анализ, стратегия, практика. – М.: Центр экономики и маркетинга, 1996. – 208 с.

[9] Селезнев А.З. Конкурентные позиции и инфраструктура рынка России. – М.: Юрист, 1999. – 384 с.

[10] Сабден О.С. Конкурентоспособность национальной экономики: критерии оценки и пути повышения. – Экономика: Избранные труды. – Алматы, 2011. – 392 с.

[11] Сабден О.С. Повышение конкурентоспособности национальной экономики в условиях глобализации: проблемы, приоритеты, пути решения // Сборник материалов межд. науч.-практ. конф. – Алматы, 2008.

[12] Каленова С.А. О конкурентоспособности отдельных секторов экономики // Материалы международной научно-практической конференции «Наука и технологии: шаг в будущее». – Прага, 2010. – С. 6-10.

[13] Калиев Г.А. О проблемах конкурентоспособности продукции аграрного сектора Казахстана в условиях его присоединения к ВТО // Экспертная сеть по вопросам государственного управления ГосБук. – Астана, 2013. – 12 с. // <http://www.gosbook.ru/node/80694>

[14] Нурмуханова Г.Ж. Региональная конкурентоспособность: проблемы рейтингования // Вестник НАН РК. – 2007. – № 5. – С. 77-85.

[15] Дубина И.Н. Математико-статистические методы в эмпирических социально-экономических исследованиях. – М.: Финансы и статистика, 2010. – 416 с.

[16] Дубина И.Н. Математические основы эмпирических социально-экономических исследований. – Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2006. – 263 с.

[17] Официальный сайт Агентства Республики Казахстан по статистике [Электрон. ресурс]. – URL: www.stat.gov.kz. (дата обращения: 17.01.2017).

REFERENCES

[1] Nazarbaev N. «Kazakhstan zhana zhahandyq naky ahualda: osim, reforma, damu» [Jelektronдық resurs]. 2015. URL: <http://www.akorda.kz/kz/addresses/memleket-basshysy-nnazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2015-zhylgy-> (zholdau kyni: 30 qarasha 2015).

[2] Porter M. Konkurentnoe preimushhestvo: kak dostich' vysokogo rezul'tata i obespechit' ego ustojchivost' / Per. s angl. E. Kalininoj. M.: Al'pina Pablisher, 2008. 2-e izd. 720 p.

- [3] Porter M. Mezhdunarodnaja konkurencija: Konkurentnye preimushhestva stran. M.: Mezhdunarodnye otnoshenija, 1993. 896 p.
- [4] Aiginger K., Bärenthaler-Sieber S., Vogel J. Competitiveness under New Perspective // wwwforeurope working papers series. 2014. N 44. 90 p.
- [5] Jovan Z., Bradić-Martinović A. Competitiveness of Nations in Selected SEE countries // Procedia Economics and Finance – Original Research Article. 2014. Vol. 8. P. 755-762.
- [6] Fathutdinov R.A. Konkurentosposobnost': Rossija i mir. 1992–2015. M.: Jekonomika, 2005. 608 p.
- [7] Fathutdinov R.A. Strategicheskaja konkurentosposobnost': Uchebnik. M.: Jekonomika, 2005. 504 p.
- [8] Azoev G.L. Konkurencija: analiz, strategija, praktika. M.: Centr jekonomiki i marketinga, 1996. 208 p.
- [9] Seleznev A.Z. Konkurentnye pozicii i infrastruktura rynka Rossii. M.: Jurist#, 1999. 384 p.
- [10] Sabden O.S. Konkurentosposobnost' nacional'noj jekonomiki: kriterii ocenki i puti povyshenija. Jekonomika: Izbrannye trudy. Almaty, 2011. 392 p.
- [11] Sabden O.S. Povyshenie konkurentosposobnosti nacional'noj jekonomiki v uslovijah globalizacii: problemy, priority, puti reshenija: Sbornik materialov mezhd. nauch.-prakt. konf. Almaty, 2008.
- [12] Kalenova C.A. O konkurentosposobnosti otdel'nyh sektorov jekonomiki // Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii «Nauka i tehnologii: shag v budushhee». Praga, 2010. P. 6-10.
- [13] Kaliev G.A. O Problemah konkurentosposobnosti produkcii agrarnogo sektora Kazahstana v uslovijah ego prisoedinenija k vto // jekspertnaja set' po voprosam gosudarstvennogo upravlenija gosbuk. Astana, 2013. 12 p. // <http://www.gosbook.ru/node/80694>
- [14] Nurmuhanova G.Zh. Regional'naja konkurentosposobnost': problemy rejtingovanija // Vestnik Nan Rk. 2007. N 5. P. 77-85.
- [15] Dubina I.N. Matematiko-statisticheskie metody v jempiricheskikh social'no-jekonomicheskikh issledovanijah. M.: Finansy i statistika, 2010. 416 p.
- [16] Dubina I.N. Matematicheskie osnovy jempiricheskikh social'no-jekonomicheskikh issledovanij. Barnaul: izd-vo Alt. un-ta, 2006. 263 p.
- [17] Oficial'nyj sajt Agentstva Respubliki Kazahstan po statistike [Elektron. Resurs]. Url:www.stat.gov.kz. (data obrashhenija: 17.01.2017).

Р. А. Байжолова, Р. С. Жусупов

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

ОЦЕНКА КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА В СЕВЕРНЫХ ОБЛАСТЯХ КАЗАХСТАНА

Аннотация. Целью работы является исследование проблем оценки и повышения конкурентоспособности сельского хозяйства Республики Казахстан и разработка теоретических и практических рекомендаций по ее повышению.

В статье, имеющей проблемно-постановочный, методологический и методико-инструментальный характер, обозначены цели и задачи комплексной оценки сельского хозяйства северных регионов Казахстана, представлен общий подход к разработке и реализации методики такой оценки, рассмотрены конкретные математико-инструментальные процедуры, которые могут быть при этом использованы. Также в статье используются экономические показатели в северных регионах Казахстана, статистические данные международных и национальных научных публикаций. Оригинальность/значение – в статье проведены работы для оценки конкурентоспособности северных регионов Казахстана (Акмолинской, Костанайской, Павлодарской, Северо-Казахстанской), также определены конкурентоспособность регионов в сельском хозяйстве. Результаты – оценка конкурентоспособности сельского хозяйства дает возможность выявить проблемы, которые мешают на развитие сельскохозяйственной отрасли. Актуальность темы статьи связана с недостаточной изученностью оценки сельского хозяйства регионов Казахстана, отсутствием разработанных систем мониторинга его состояния.

Ключевые слова: конкуренция, конкурентоспособность, оценка конкурентоспособности, ресурсный потенциал, сельское хозяйство, инфраструктура.

Information about authors:

Bayjolova R. A. – Doctor of Economy Science, Professor of L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, baizholova_ra@enu.kz,

Zhusupov R. S. – PhD student of L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, rysbek_15031986@mail.ru

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т. М. Апендиев*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 13.04.2017.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

19,2 п.л. Тираж 2000. Заказ 2.